

**"Mastercard картасымен бірге армандаған матч" науқанын өткізу қағидалары
мен оған қатысу талаптары**
(бұдан әрі мәтін бойынша - "Қағидалар")

"Mastercard картасымен бірге армандаған матч" ынталандыру іс-шарасы (бұдан әрі - "Науқан") "Mastercard" тауар белгісімен көрсетілетін қызметтерге, сондай-ақ "Еуразиялық банк" АҚ қызметтеріне қызығушылықты қалыптастыру және қолдау мақсатында өткізіледі. Науқанға қатыса отырып, Қатысушылар осы қағидаларды толық қабылдайды және келіседі.

Жалпы қағидалар:

1. Науқанды ұйымдастырушы "Еуразиялық банк" АҚ болып табылады, бұдан әрі – "Науқанды Ұйымдастырушылар" және/немесе "Банк" деп аталады.

Науқан операторы "Progression SA" (Прогрэшен Си Эй) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (мекенжайы: 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық д-лы, 447) болып табылады (бұдан әрі – Mastercard Europe SA тапсырысы бойынша "Науқан Операторы" (бұдан әрі - "Науқан тапсырыс берушісі").

2. Науқан Қазақстан Республикасының аумағында өткізіледі.

2.1. Жұлделерді ұсыну мерзімін қоса алғанда, Науқанды өткізудің жалпы мерзімі – 2026 жылғы "19" ақпаннан бастап 2026 жылғы "01" маусымға дейін (бұдан әрі – "Науқанды өткізу кезеңі").

2.2. Науқанға қатысушы бола алатын сауда жасау кезеңі – 2026 жылғы "19" ақпаннан бастап 2026 жылғы "15" сәуірге дейін.

3. Науқанға Қазақстан Республикасының кәмелетке толған азаматтары және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдар, "Еуразиялық Банк" АҚ банкінде Mastercard карталарының ағымдағы және әлеуетті иелері (бұдан әрі мәтін бойынша – "Карта") қатыса алады, бұдан әрі мәтін бойынша "Карта иелері", "Қатысушы" деп аталады. Картаны электронды әмияндардың аталған түрлерінің біріне байлау керек: Apple Pay, Google Pay, Samsung Pay, Garmin Pay. Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін тұлғалар, сондай-ақ Ұйымдастырушылар мен Оператордың қызметкерлері мен өкілдері, олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ олармен үлестес тұлғалар, Ұйымдастырушылар мен Оператормен Науқанды дайындауға, ұйымдастыруға және өткізуге байланысты шарттық қатынастары бар үшінші тұлғалардың қызметкерлері мен өкілдері Науқанға қатыса алмайды.

4. Науқанды Ұйымдастырушылар мен Науқанға Қатысушылардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Қатысушы құқылы:

- жария ресурстарда Науқанды өткізу мерзімдері мен талаптары туралы ақпарат алу;
- Науқанның Ұйымдастырушылары мен Операторы туралы мәлімет алу;
-

осы Қағидаларға сәйкес Науқан жеңімпазы деп танылған жағдайда Науқан жұлделерін беруді талап етуге құқылы.

4.2. Қатысушының міндеттері:

- осы Қағидаларды сақтау, оның ішінде осы Қағидаларды белгіленген мерзімде Науқанға қатысуға байланысты барлық іс-әрекеттерді орындау;
- Науқанға қатысуға және Жұлделерді алуға байланысты барлық шығыстарды, соның ішінде (бірақ онымен шектелмей) Интернет, телефон және т. б. шығыстарды өз бетінше көтеру;
- осы Қағидаларда және ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де міндеттемелерді орындау.

4.3. Ұйымдастырушылар мен Оператордың құқықтары:

- Науқанды өткізу кезеңі ішінде осы Қағидаға өзгерістер енгізу. Бұл ретте осы Қағидалардың кез келген өзгерістері туралы ақпарат <https://www.mastercard.kz/ru-kz/consumers/offers-promotions/football2026.html> сайтында орналастырылады (бұдан әрі – Сайт);
- осы Қағидада көзделген жағдайларды қоспағанда, Науқанға Қатысушылармен жазбаша келіссөздерге немесе кез келген басқа байланыстарға түспеу;
- мемлекеттік органдарға ұсыну үшін Қатысушылардан осы Қағидаларда көзделген жағдайларда қажетті ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ өзге де құжаттарды сұрату;
- 14 күнтізбелік күнге дейін талап етпеген немесе Науқан жеңімпаздары кез келген себептер бойынша Жұлделерді алудан бас тартқан жағдайда, Науқан Жұлделері иегерлерінің жалпы санын азайту қажет. Бұл ретте көрсетілген Жұлделер Науқан аяқталғаннан кейін берілмейді және Ұйымдастырушылар мен Оператор өз қалауы бойынша пайдаланады;
- Қатысушының осы Қағидаларды сақтамау фактісі анықталған жағдайда Науқанға Қатысушыға Жұлде беруден бас тарту.

4.4. Ұйымдастырушылар мен Оператордың міндеттері:

- осы Қағидаларды сақтау, оның ішінде осы Қағидаларда белгіленген мерзімде Науқанды өткізуге байланысты барлық іс-әрекеттерді орындау;
- осы Қағидаға сәйкес Науқанды өткізуді қамтамасыз ету;
- осы Қағиданың 7.1.3.-т. көзделген Науқан жеңімпаздарына Жұлделер беру;
- Науқанға Қатысушыларды оны өткізу Қағидалары туралы Науқан Қағидаларын Сайтта орналастыру арқылы ақпараттандыруды қамтамасыз ету;
- Жұлделерді беру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Науқанды өткізу барысында Науқанға Қатысушылар алатын Жұлделерге салықтардың төленуін қамтамасыз ету.

5. Ұйымдастырушылар мен Оператор келесі операцияларды Науқанның мақсаттары ретінде есепке алмайды:

- осы Қағиданың 3-т. талаптарына сәйкес келмейтін тұлғалар жасаған операциялар;
- Өтінімдерді қабылдау кезеңінен тыс жасалған операциялар;

6. Науқанға Қатысушы болу үшін сауда жасау Кезеңі аясында келесілерді орындау қажет:

6.1. "Еуразиялық банк" АҚ Mastercard картасының ағымдағы иесі болу.

6.1.1. Қатысу үшін науқан кезеңінде жоғарыда аталған банктердің бірінің Mastercard® картасы болуы немесе оны төмендегі нұсқаулық бойынша келесі электрондық әмиян түрлерінің біріне байланыстыру қажет: Apple Pay, Google Pay, Samsung Pay, Garmin Pay:

- Wallet (Apple смартфондарында), Samsung Pay (Samsung смартфондарында), Google әмиян (Android операциялық жүйесі бар смартфондарда), Garmin Pay ұялы қосымшасына кіру;
- Картаны сканерлеу;
- Картаны "Еуразиялық банк" АҚ алынған SMS-хабарламадан кодпен байланыстыруды растау немесе электрондық әмиянның қосымша нұсқауларын орындау;
- Картаны электрондық әмияндармен байланыстыру және оны одан әрі пайдалану туралы мәліметтерді төмендегі сілтемелерден көрсетілген:
ApplePay <https://www.mastercard.kz/ru-kz/consumers/products/contactless/apple-pay.html>
SamsungPay <https://www.mastercard.kz/ru-kz/consumers/products/contactless/samsung-pay.html>
GPay <https://www.mastercard.kz/ru-kz/consumers/products/contactless/google-pay.html>

6.1.2. Жұлделер ұтысына қатысу үшін Науқанға Қатысушы бүкіл әлем бойынша Қазақстан Республикасының заңымен тыйым салынбаған кез келген сауда-сервистік кәсіпорындарда ұялы телефонды немесе смарт-сағатты пайдалана отырып, кез келген сомаға тауарлар және/немесе қызметтер үшін төлем жасауы (бұдан әрі – Транзакция және/немесе Операция) қажет, бұл ретте бүкіл Науқан кезеңіндегі Транзакциялардың жиынтық мөлшері жалпы сомасы кемінде 200 000 (екі жүз мың) теңгені құруы тиіс.

6.2. Науқан Қатысушылары жасаған операциялар Карта бойынша Операцияны тіркеу уақыты бойынша хронологиялық тәртіппен (DD:MM:YYYY) Науқан Ұйымдастырушысы қалыптастырған Науқанға Қатысушылардың тіркелген Операцияларының жалпы тізіміне енгізілетін болады.

6.3. Осы Қағидалардың 6.1-т. көрсетілген әрекеттерді орындағаннан кейін Карта Иесі Науқанға Қатысушыға айналады.

6.5. Науқанның бір Қатысушысы жасаған Операциялардың саны шектелмейді.

7. Науқанның жүлде қоры және жүлделерді бөлу тәртібі:

7.1. Науқан Жеңімпаздарын анықтау және Жұлделерді бөлу тәртібі.

7.1.1. 7.1.3-т. көрсетілген жүлделердің бірін алуға Үміткер болу үшін Қатысушы науқанның бүкіл кезеңі үшін сомасы 200 000 (екі жүз мың) теңгеден кем емес сомаға ұялы телефонды немесе смарт-сағатты пайдалана отырып, заңмен тыйым салынбаған кез келген сауда-сервистік кәсіпорындарда тауарларға және/немесе қызметтерге ақы төлеуі тиіс.

7.1.3. Науқанға Қатысушы кез келген сомаға бір немесе бірнеше Транзакция жасаған жағдайда, егер олардың жиынтық мөлшері жалпы сомасы кемінде 200 000 (екі жүз мың) теңгені құраса, осы Науқанға Қатысушы жүлдені ұтып алудың 1 (бір) мүмкіндігіне ие болады. Егер Карта Иесі сомасы 200 000 (екі жүз мың) теңгеден бірнеше рет сауда жасаған жағдайда, оның жеңіске жету мүмкіндігінің саны пропорционалды түрде артады. Карта бойынша Транзакциялардың әрбір жиынтық 200 000 (екі жүз мың) теңге сомасы үшін Қатысушыға ұтыс ойынына Қатысушылар тізімінде қосымша жазба жасалады, бұл оның ұтып алу ықтималдығын арттырады.

Жұлденің атауы	Саны
1-інші деңгейдегі жүлделер Будапешттегі UCL финалына түр	Жалпы саны - 7 (жеті) түр, әрбір Ұйымдастырушы банкке 1 (бір) түр есебінен Түрға Будапештің орталығындағы 4* қонақүйдегі екі адамға арналған бөлмеде тұру (3 күн 2 түн), матчқа 2 (екі) CAT 1 билеті, Будапеште әуежай-қонақ үй-әуежай трансфері, Puskás Aréna стадионына матчқа және қонақүйге трансфер, брендтік мерчендайзинг* кіреді.
2-інші деңгейдегі жүлделер Мерчендайзинг МС x UCL	Науқанды Ұйымдастырушы әрбір банкке Mastercard және УЕФА брендингімен кемінде 8 мерчендайзинг жиынтығы, соның ішінде: 1 (бір) спорттық сөмке, 1 (бір) спорттық киім, 1 (бір) жағажай сүлгісі, 1 (бір) суға арналған бөтелке, 1 (бір) кілтке арналған салпыншақ. <i>(нақты саны ұтыс ойынын өткізу сәтінде айқындалатын болады)</i>

*** 1-інші деңгейдегі жүлделерге үміткер Науқан Жеңімпаздары мен Будапештке сапарында олармен бірге ілесіп жүруші серіктестер 18 жастан асқан болуы керек. УЕФА Чемпиондар Лигасының финалына арналған турларға кәмелетке толмаған жандардың қатысуына жол берілмейді.*

7.2. Науқанға қатысқаны үшін Жұлделерді бөлу тәртібі:

7.2.1 осы Науқан Қағидаларының талаптарына сәйкес келетін барлық қатысушылар жүлделердің ұтыс ойынына қатысады (6.1-6.1.2-тармақтар). Жеңімпазды анықтау www.random.org арнайы компьютерлік бағдарламаны қолдана отырып, әр қатысушыға берілген реттік нөмірлерді кездейсоқ анықтау арқылы жүзеге асырылады. Жеңімпаздарды анықтауды әрбір Науқанды Ұйымдастырушы банк жүзеге асырады. Жеңімпаздарды анықтау кезінде Науқан Ұйымдастырушылары әр жүлде үшін негізгі және екі резервтік жеңімпаздарды таңдайды. Егер жеңімпаздар Банк хабарламасына ___ жұмыс күні ішінде (___ телефон қоңырауы) жауап бермеген жағдайда немесе жүлдеден бас тартқан жағдайда, Банк бірінші резервте тұрған жеңімпазға хабарласады, бірінші резервтік жеңімпазбен байланысу мүмкін болмаған жағдайда немесе ол жүлдеден бас тартқан жағдайда, екінші резервтік жеңімпазбен байланысқа шығады.

Негізгі және резервтік жеңімпаздар жүлдеден бас тартқан немесе жеңімпаздармен байланыса алмаған жағдайда, Банк ұтыстың күшін жою және тізімге сәйкес адамдарға жүлделерді өз қалауы бойынша беру құқығын өзіне қалдырады.

7.2.2. Ұтыс ойыны науқан аяқталғаннан кейін 1 рет өткізіледі. Ұтыс ойынын өткізу күні – 17 сәуір.

7.2.3. Қатысушы 1 ұйымдастырушы банктен тек 1 жүлдені ғана ұтып ала алады. Екі ұйымдастырушы банктен жүлде ұтып алған кезде Науқан Ұйымдастырушылары мен Операторы жүлделердің бірін бұрын бас тартуға құқылы.

8. Науқан Жұлделерін алу талаптары

8.1. 7.1.3-тармақта көрсетілген Жұлделерді алу талаптары, тәртібі және мерзімі:
8.1.1. Жеке деректерді нақтылау үшін Науқан Ұйымдастырушыларының өкілдері Науқан жеңімпаздарымен байланысатын болады.

8.1.2. Жұлде иегерлері атанған жеңімпаздарды хабардар ету ұтыс ойыны өткізілгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде Ұйымдастырушы банктер қызметкерлерінің телефон арқылы қоңырау шалуы арқылы жүзеге асырылады

8.1.3. Қағиданың 7.1.4-тармағында көзделген жүлделерді алу үшін Жеңімпаз және компаньон Науқан Ұйымдастырушысынан ұтыс туралы телефон қоңырауын алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Науқан Ұйымдастырушысына мекенжайын Науқан Ұйымдастырушысы телефон қоңырауы кезінде беретін электрондық пошта арқылы келесі құжаттарды ұсынуы қажет:

ЖСН міндетті түрде көрсетілген (аты мен тегі MasterCard картасын алған кезде банкте көрсетілген деректерге сәйкес келуі тиіс) жеке куәліктің сканерленген көшірмесі (екі жағынан);

- Жеңімпаздың нақты тұрғылықты мекенжайы;
- Ұялы телефон нөмірі.

Науқан операторы Жеңімпаздардың деректерін 10% ЖТС (10% жүлдеге жеке табыс салығы) төлеуді қоса алғанда, жүлде қорын аударуды жүзеге асыру үшін пайдаланатын болады.

8.1.4. 1-інші деңгейдегі жүлделерге үміткер Науқан Жеңімпаздары мен Будапештке сапарында олармен бірге ілесіп жүруші серіктестер 18 жастан асқан болуы керек. УЕФА Чемпиондар Лигасының финалына арналған турларға кәметке толмағандардың қатысуына жол берілмейді.

8.2. Барлық жүлделер жеңімпаздарға 2026 жылдың 1 маусымына дейін беріледі.

8.3. Матчқа билеттерді Жеңімпаздар матч қарсаңында UEFA ұялы қосымшасында алады.

9. Ұйымдастырушылар мен Оператор келесілер үшін жауапкершілікте болмайды:

9.1.

Қатысушылардың өздерінің кінәсінен немесе байланыс ұйымдарының, курьерлік және пошта қызметтерінің кінәсінен немесе Ұйымдастырушылар мен Операторға тәуелсіз өзге де себептер бойынша Науқан жүлделерін алу үшін қажетті пошта жөнелтілімдерін, мәліметтерді/құжаттарды алмау/уақтылы алмау;

9.2. Науқанға Қатысушылардың осы Қағидаларда көзделген міндеттерді орындамауы (уақтылы орындамауы) немесе Науқанға Қатысушылардың Науқан туралы ақпаратпен Сайттан таныса алмауы

9.3. Науқан Жеңімпаздары Ұйымдастырушылар мен Оператор өкілдерінің телефон арқылы қоңырау шалуы кезінде мәліметтерді жинау барысында көрсеткен деректердің, байланыс және өзге де ақпараттың дұрыстығына, дәлдігіне және шынайылығына, сондай-ақ осыған байланысты Науқанға Қатысушылар көрсеткен байланыс телефондары бойынша олармен байланысудың мүмкін еместігіне, сонымен қатар Қатысушылардан алынған ақпаратты Науқан мақсаттары үшін, соның ішінде Жұлделерді беру мақсатында пайдаланудың мүмкін еместігіне, сондай-ақ Ұйымдастырушылар мен Операторға байланысты емес өзге де себептерге жауапты болмайды;

9.4.

Науқан Қатысушылары оларды талап етпеген немесе олардан бас тартқан, сондай-ақ Науқан ұйымдастырушылары мен Операторына тәуелсіз өзге де себептер бойынша Науқан Қатысушыларының жүлделерді алмауы;

9.5.

Қатысушылардың Науқанға қатысуына байланысты олардың өмірі, денсаулығы, моральдық және/немесе психикалық жарақаттары.

10. Науқанның өзге талаптары:

10.1. Науқан туралы толық ақпаратпен Қатысушылар оны өткізу кезеңінде <https://www.mastercard.kz/ru-kz/consumers/offers-promotions/football2026.html> сайтынан таныса алады .

10.2. Ұйымдастырушылар мен Оператор Науқанды өткізу кезеңінде осы Қағидаларға өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Бұл ретте

осы Қағидалардың кез келген өзгерістері туралы ақпарат Сайтта орналастырылады.
10.3. Науқанға қатыса отырып, Қатысушы осы Қағидамен толық танысқанын және келісетінін растайды, атап айтқанда, бірақ төмендегілермен шектелмей, өз келісімін растайды:

- Құпиялылық туралы хабарламада көрсетілген талаптарға сәйкес дербес деректерді өңдеу; осы Құпиялық туралы хабарлама да осы Қағидалардың ажырамас бөлігі болып табылады;
- Ұйымдастырушылар мен Оператордан немесе уәкілетті үшінші тұлғалардан осы науқанды өткізуге байланысты ақпараттық SMS-хабарламалар алу.

10.4. Науқан операторы ҚР Салық кодексіне сәйкес «Еуразиялық банк» АҚ-қа Жұлделерге салынатын салықты (10% ЖТС) төлейді және Науқан жеңімпаздарына қатысты салық агенті ретінде әрекет етеді.

10.5. Ұйымдастырушылар Жеңімпаздар мен Жүлдегерлерді анықтау кезінде Ұйымдастырушылар оларды Науқанға қатысудан шеттету туралы шешім қабылдаған Қатысушылардың Өтінімдерін ескермейді.

10.6. Науқанды Ұйымдастырушылар мен Оператор Қағидада заттай нысанда айқындалған Жұлделер құнының ақшалай баламасын төлемейді, сондай-ақ Жеңімпаздардың қалауы бойынша Жұлделерді алмастырмайды. Жеңімпаз (дар) Жұлдені алудан бас тартуға құқылы, бұл ретте Ұйымдастырушының Жеңімпазға қандай да бір ақшалай қаражат/өтемақы төлеуі жүзеге асырылмайды.

10.7. Ұйымдастырушылар мен Науқан операторы бір жақты тәртіпте және себептерін түсіндірмей кез келген уақытта Қатысушылар немесе Жеңімпаздар қатарынан келесі тұлғаларды алып тастауға құқылы:

- Жұлделерді тапсыру үшін осы Қағидада белгіленген құжаттарды, ақпаратты, мәліметтерді ұсынбаған;
- осы Қағидалардың 3-тармағына сәйкес келмейтін тұлғалар;
- өзі туралы бұрмаланған ақпарат берген немесе мақсаты Жұлдені негізсіз алу болып табылатын алаяқтық іс-әрекеттер жасағаны туралы күдік туғызған тұлғалар.